

№3 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

27.03.2026ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Тақырыбы: ««Педагог және бала» қарым-қатынас жүйесіндегі әдептілік көзқарастары»

Мақсаты: Педагог пен бала арасындағы құрметке негізделген, гуманистік және қауіпсіз қарым-қатынасты қамтамасыз ететін әдептілік принциптері мен нормаларын қарастыру.

Өткізу формасы: Практикалық жағдаяттарды талдау элементтерімен тақырыптық талқылау.

Күн тәртібі

1. №2 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Кеңес төрағасының кіріспе сөзі. *(Күнделікті тәжірибеде педагогикалық әдеп сақтаудың маңыздылығын еске салу.)*
3. Негізгі сөз «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері». Гуманизм, баланың жеке тұлғасын құрметтеу, сенім білдіру. Педагогикалық әдептілік, эмоционалды ұстамдылық және әділеттілік нормалары. Тәрбиеленушілерге эмоционалды және психологиялық қысымның алдын алу және оны болдырмау.
4. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау мен талқылау. *(Кейс-талдау: бұзушылық оқиғаларын талқылау және сындарлы шешімдерді табу.)*
5. Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастарды нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.

Тыңдалды

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері №2 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.
2. Кеңес төрайымы М.Овезова педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – білім беру ұйымындағы басты талаптардың бірі екенін атап өтті. Педагог пен бала арасындағы қарым-қатынас өзара құрметке, сенімге және мейірімділікке негізделуі керектігі айтылды. Күнделікті жұмыс барысында педагогтың сөйлеу мәдениеті, сабырлылығы, әділдігі және баланың жеке тұлғасына құрметпен қарауы ерекше маңызға ие екендігі еске салынды.
3. «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері» тақырыбында балабақша әдіскерінің баяндамасы тыңдалды.

4. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау.

Кейс-талдау барысында қатысушылар тәрбие процесінде орын алуы мүмкін келеңсіз жағдайларды алдын алу жолдарын, сондай-ақ педагогикалық әдеп нормаларын сақтай отырып шешу тәсілдерін ұсынды.

Педагогикалық ортада әдептілік мәдениетін нығайту мақсатында бірнеше ұсыныстар айтылды. Педагогтер арасында өзара құрмет пен қолдауды арттыру, балалармен қарым-қатынаста мейірімділік пен сабырлылықты сақтау, педагогикалық әдеп кодексінің талаптарын тұрақты түрде басшылыққа алу қажеттігі атап өтілді.

1. №2 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.

2. Педагогтер күнделікті жұмыс барысында педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.

3. Баламен қарым-қатынаста гуманизм, құрмет және сенім қағидаларын басшылыққа алу ұсынылсын.

4. Тәрбиеленушілерге психологиялық және эмоционалдық қысым көрсетуге жол бермеу бойынша алдын алу шаралары жүргізілсін.

5. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдептілік құндылықтарын нығайту мақсатында тәжірибе алмасу жұмыстары жалғастырылсын.

Stephen T



Педагогикалық әлеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

May